

Бекітілді
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті Ғылыми
кеңесінің №6 хаттамасы
«27» 02 2026 ж.

«Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім беру үдерісінің шарттарына шетелдік студенттер мен магистранттарды бейімдеу жөніндегі
БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

Шетелдік студенттер мен магистранттарды бейімдеу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының жоғары білімді интернационалдандыру саласындағы мемлекеттік саясатына, «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ-ның даму стратегиясына, университет Жарғысына және ішкі нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді.

Бағдарлама шетелдік білім алушылардың университеттің білім беру, әлеуметтік-мәдени және тілдік кеңістігіне тиімді бейімделін қамтамасыз етуге бағытталған.

Шетелдік студенттерді бейімдеу көпұлтты білім беру ортасы жағдайында білім алуға академиялық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және кәсіби даярлықты қалыптастыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі ретінде қарастырылады.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты – шетелдік студенттер мен магистранттардың академиялық, әлеуметтік-мәдени және психологиялық бейімделуінің табысты жүзеге асуына қолайлы жағдайлар жасау.

Негізгі міндеттері: білім беру жүйесімен және университет құрылымымен таныстыру; ішкі тәртіп қағидалары, академиялық әдеп нормалары, студенттердің құқықтары мен міндеттері туралы түсінік қалыптастыру; мәдениетаралық

және тілдік құзыреттерді дамыту; психологиялық және әлеуметтік-тұрмыстық қолдау көрсету; оқу үдерісінен тыс және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру; бейімделу үдерісін тұрақты мониторингтеу және сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

3. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

1-кезең. Дайындық кезеңі – студенттер келгенге дейін (ақпараттық қолдау көрсету, нұсқаулық материалдарды жолдау, онлайн-консультациялар ұйымдастыру, тәлімгерлерді бекіту).

2-кезең. Таныстыру кезеңі – оқудың алғашқы кезеңі (бағдарлау аптасын (Orientation Week) өткізу, экскурсиялар ұйымдастыру, нұсқамалар жүргізу, факультеттермен және эдвайзерлермен таныстыру).

3-кезең. Академиялық және әлеуметтік бейімделу кезеңі – бірінші семестр (тілдік қолдау көрсету, консультациялар ұйымдастыру, университет өміріне тарту).

4-кезең. Мониторинг және сүйемелдеу кезеңі – оқу кезеңінің толық мерзімі (сауалнама жүргізу, бақылау, қолдау көрсету, үлгерімді талдау).

4. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары

4.1. Әлеуметтік бейімделу – шетелдік студенттердің келуін және орналастырылуын ұйымдастыру, таныстыру кездесулерін, нұсқаулықтарды, мәдени-демалыс іс-шараларын өткізу.

4.2. Психологиялық бейімделу – кеңес беру жұмыстарын жүргізу, тұлғалық дамуға бағытталған тренингтер ұйымдастыру, ұжымдық бірлікті нығайтуға арналған іс-шаралар өткізу, стресске төзімділікті қалыптастыру.

4.3. Мәдениетаралық өзара іс-қимыл – этносаралық қарым-қатынасты дамыту, БҚУ студенттері тарапынан кураторлық (тәлімгерлік) қолдау жүйесін қалыптастыру, спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру.

4.4. Әлеуметтік-психологиялық қолдау – оқытушылармен тұрақты консультациялар өткізу, тұрмыстық және оқу мәселелерін шешуге жәрдемдесу, кәсіби бейімделуді қолдау.

4.5. Тілдік және академиялық бейімделу – орыс, қазақ және ағылшын тілдері бойынша қосымша сабақтар ұйымдастыру, онлайн-ресурстарды пайдалану, ағылшын тілінде сабақ жүргізетін оқытушыларды тарту, әдістемелік материалдар әзірлеу.

4.6. Бейімделу үдерісінің мониторингі – сауалнама жүргізу, психологиялық ахуалды бақылау, академиялық үлгерімді талдау және тиісті құрылымдық бөлімшелерді ақпараттандыру.

5. Бағдарламаны іске асыруға қатысушылар

Халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімі – жалпы үйлестіру жұмыстарын жүргізу, миграциялық қызметтермен өзара әрекеттесу.

Факультет деканаттары және қабылдаушы білім беру бағдарламалары – академиялық сүйемелдеу, үлгерім мен сабаққа қатысуды бақылау.

Академиялық қызмет департаменті – әдістемелік қолдау көрсету және оқу үдерісін қадағалау.

Университеттің психолог қызметі – психологиялық диагностика жүргізу және консультациялар беру.

Студенттік өзін-өзі басқару және эдвайзерлер – шетелдік студенттердің әлеуметтік және мәдени интеграциясына көмек көрсету.

6. Бақылау және тиімділікті бағалау

Бағдарламаны іске асыру тиімділігі келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады: студенттердің сауалнама нәтижелері, академиялық үлгерімі, іс-шараларға қатысуы, оқу және тұру жағдайларына қанағаттануы.

Бақылау халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімі, академиялық қызмет департаменті және факультет деканаттары арқылы жүзеге асырылады.

7. Қорытынды ережелер

Бағдарлама тұрақты негізде қолданылады және заңнамадағы өзгерістерді, интернационалдандыру стратегиясын және шетелдік білім алушылардың пікірлерін ескере отырып, кемінде әр үш жыл сайын қайта қаралады.

Іс-шараларды жүзеге асыру үшін жауапкершілік университеттің тиісті бөлімшелеріне олардың функциялары мен бекітілген орындалу мерзімдері бойынша жүктеледі.

Қосымша

«М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ-да шетелдік студенттер мен магистранттарды бейімдеу бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар кестесі

№ р/н	Іс-шаралар	Іс-шараларды іске асыру бойынша ұсыныстар	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Ескертулер
1. Әлеуметтік бейімделу					
1.1	Шетелдік студенттер мен магистранттардың келуін және орналастырылуын ұйымдастыру	1. БҚУ-ға алғаш келген шетелдік студенттер мен магистранттарды әуежайда, теміржол вокзалында және автовокзалдарда ұйымдастырылған қарсы алу. 2. Шетелдік студенттердің БҚУ жатақханаларына жедел орналастырылуы.	Келген уақытпен Келген уақытпен	ХБЖК бөлімі, қабылдаушы білім беру бағдарламалары	
1.2	БҚУ-дағы білім беру үдерісінің ережелері мен талаптарымен таныстыру	Шетелдік студенттер мен магистранттармен алғашқы кездесулер өткізу, мақсаттары: * БҚУ құрылымымен, жастар ұйымдары мен студенттік өзін-өзі басқару органдарымен таныстыру; * Білім беру үдерісінің жағдайлары мен талаптарын түсіндіру; * Ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.	Келген уақытпен	ХБЖК бөлімі, студенттік өзін-өзі басқару, академиялық қызмет департаменті, қабылдаушы БББ	
1.3	БҚУ жатақханаларында тұру ережелері мен талаптарымен таныстыру	БҚУ жатақханаларында тұрудың негізгі мәселелері бойынша шетелдік студенттер мен магистранттарды ақпараттандыру: * Студенттік өзін-өзі басқару өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру; * Бірінші курс студенттері үшін ақпараттық бюллетень шығару; * Жатақханалардағы ақпараттық тақталарға материалдар ілу және т.б.	Кесте бойынша	Жатақхана команданты, студенттік өзін-өзі басқару, эдвайзерлер	

1.4	Шетелдік студенттер мен магистранттарды тіркеу	Орал қаласы, БҚО – Шетел азаматтарын миграциялық есепке қою бойынша полиция бөлімшесінде тіркеу	Келген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде	ХБЖК бөлім қызметкерлері	
1.5	Мәдени және демалыс іс-шараларын ұйымдастыру	<p>1. Шетелдік студенттер мен магистранттар үшін университет пен Орал қаласы бойынша экскурсиялар ұйымдастыру.</p> <p>2. Шетелдік студенттер мен магистранттарды университеттің, факультеттердің және жатақхананың мәдени-демалыс және спорттық өміріне тарту.</p> <p>3. Шетелдік студенттер мен магистранттарды студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатыстыру.</p>	Тұрақты	Тәрбиелік және әлеуметтік мәселелер бойынша проректор, факультет қызметкерлері, студенттік өзін-өзі басқару	
2. Психологиялық бейімдеу					
2.1	Шетелдік студенттер мен магистранттардың әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық құзыреттілігін дамытуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және ұйымдастыру	<p>1. Шетелдік студенттерге психологиялық кеңес беру – жеке және топтық консультациялар келесі мәселелер бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқу үдерісін ұйымдастыру; - Командалық жұмыс (teambuilding), ұжымдық дамуды қамтамасыз ету, бірігу, күнделікті өмірді ұйымдастыру; - Ара-қатынастық қарым-қатынастар; - Өзін-өзі тану, тұлғалық даму, өзін-өзі тәрбиелеу; - Кризистік жағдайлардан шығу жолдары. <p>2. Педагогикалық кеңес беру – оқу үдерісін ұйымдастыру, бос уақытты өткізу, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер және басқа да тақырыптар бойынша жеке және топтық әңгімелер жүргізу.</p>	<p>Үздіксіз</p> <p>Үздіксіз</p>	Тәрбиелік және әлеуметтік мәселелер бойынша проректор; педагогика және психология оқу бөлімінің қызметкерлері; академиялық қызмет департаменті; факультеттердің қабылдаушы оқу бөлімдері; студенттік өзін-өзі басқару; дене шынықтыру және	

		3. Шетелдік студенттер мен магистранттар үшін бейімделу мәселелері, сессиялар, салауатты өмір салтын насихаттау, психикалық және физикалық денсаулықты сақтау және реттеу бойынша топтық оқыту және таныстыру іс-шараларын (тренингтер, практикалық сабақтар, «қонақ бөлмелері», семинарлар және т.б.) өткізу.		спорт кафедрасы	
2.2	Психологиялық және педагогикалық қызметті тілдік сүйемелдеу	Шетелдік студенттердің жеке мәселелерін шешу кезінде психологиялық және педагогикалық қызметті тілдік сүйемелдеу	Қажет болған жағдайда	ХБЖК бөлім қызметкерлері	
3. Мәдениетаралық өзара байланыс					
3.1	Мәдениетаралық өзара байланысты қалыптастыру	БҚУ студенттерінің шетел азаматтарына кураторлық институтын ұйымдастыру, қалада, факультетте және жатақханада бағдарлау үшін жаңа келген шетелдік студенттер топтарына кураторлар тағайындау	Қажет болған жағдайда	Студенттік өзін-өзі басқару, деканаттар, қабылдаушы білім беру бағдарламалары, ХБЖК бөлім қызметкерлері	
3.2	Спорттық іс-шараларды өткізу	1. Шетелдік азаматтарды факультеттердің спорттық командаларына университет көлеміндегі жарыстарға қатыстыру 2. Ұлттық спорттық дәстүрлерді көрсету бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу.	Қажет болған жағдайда	Студенттік өзін-өзі басқару, деканаттар, қабылдаушы оқу бөлімдері, дене шынықтыру және спорт оқу бөлімі	
4. Оқу барысында әлеуметтік-психологиялық қолдау					
4.1	Студенттердің мәселелері бойынша профессор-оқытушылар мен педагогтармен консультациялар өткізу	Шетелдік студенттердің академиялық үлгерімі, жатақханалардағы тұру жағдайлары, сабаққа қатысуы, жеке мәселелері мен қиындықтары байланысты проблемалық сұрақтарды талқылау.	Үздіксіз	ХБЖК бөлім, қабылдаушы деканаттар мен білім беру бағдарламалары	

4.2	Тілдік сүйемелдеу	<p>1. Бірінші курс студенттерін бейімделу мәселелерін шешуге жоғары курс студенттерін тарту.</p> <p>2. Шетел тілін жақсы меңгерген жоғары курс студенттерінен жеке кураторларды тағайындау.</p>	Үздіксіз	Қабылдаушы деканаттар мен білім беру бағдарламалары	
4.3	Шетелдік студенттердің кәсіби бейімделуін қолдау	<p>1. Шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына, бағдарламаларға және халықаралық конференцияларға қатысуы.</p> <p>2. Шетелдік студенттер мен магистранттардың қолданбалы зерттеулерге қатысуы.</p> <p>3. БҚУ базасында өндірістік, диплом алдындағы және басқа да тәжірибелерден өту.</p>	Қажет болған жағдайда	Деканаттар, қабылдаушы оқу бөлімдері, Академиялық қызмет департаменті, Регистратура офисі	

5. Мониторинг

5.1	Сауалнама жүргізу	Әлеуметтік-психологиялық бейімделу, оқу үдерісіне қанағаттану және әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер бойынша сауалнама жүргізу.	Тұрақты	БҚУ әлеуметтану зерттеулері орталығы, деканаттар, қабылдаушы БББ	
5.2	Шетелдік студенттердің семестр бойғы үлгерімін бағалау	Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында шетелдік студенттердің үлгерімін бағалау және талдау. Егер студенттердің сабаққа 10 күн бойы негізсіз қатыспаған фактілері, мерзімінен бұрын оқуын тоқтатуы немесе аяқтауы анықталса – миграциялық полиция қызметін хабардар ету.	Тұрақты	ХБЖК бөлім, Офис тіркеушілер, қабылдаушы деканаттар мен білім беру бағдарламалары	
5.3	Бақылау	Шетелдік студенттердің психологиялық жағдайын бақылау арқылы бейімделмеу фактілерін анықтау.	Тұрақты	ХБЖК бөлім, қабылдаушы деканаттар мен білім беру бағдарламалары, университеттің психологиялық қызметі	

6. Тілдік бейімделу және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу

6.1	Шетелдік студенттерге қосымша сабақтар өткізуге жағдай жасау	Шетелдік студенттерге қосымша сабақтар өткізу, соның ішінде орыс және қазақ тілдері мен әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндері бойынша.	Қажет болған жағдайда	Қабылдаушы деканаттар мен БББ, академиялық қызмет департаменті, филология факультеті	
6.2	Интернет ресурстарын пайдалану	1. БҚУ сайтының ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде қызмет көрсетуін қамтамасыз ету, жаңарту және дамыту.	Тұрақты	БҚУ IT орталығы	
6.3	Ағылшын тілінде сөйлейтін шетелдік мамандарды тарту	Оқытушылық, зерттеу және сараптамалық-талдамалық қызметті жүзеге асыру үшін ағылшын тілінде сөйлейтін шетелдік мамандарды тартуға көмек көрсету	Тұрақты	ХБЖК бөлімі	
6.4	Шетелдік студенттерге арналған әдістемелік құрал әзірлеу	Университет құрылымы мен білім беру үдерісінің ерекшеліктері туралы ақпараттық материалдар (нұсқаулық) әзірлеу	Жоспар бойынша	Академиялық қызмет департаменті, университеттің оқу-әдістемелік секторы (ОӘС), Редакциялық-баспа орталығы	

Келісілді:

Халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімі меңгерушісі

В.С. Зубков

Келісілді:

Басқарма төрағасының орынбасары – академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Г.С. Кайсағалиева

Басқарма төрағасының орынбасары – ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор

К.М. Ахмеденов

Басқарма төрағасының орынбасары – тәрбиелік жұмыс және әлеуметтік мәселелер

жөніндегі проректор

Академиялық қызмет департаменті директорының м.а.

М.К. Сүлейменов

А.С. Кажиахметов